

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі

«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы» РММ



РГУ «Казахская национальная
консерватория имени Курмангазы»

Министерство культуры и
информации Республики Казахстан

ЕРЕЖЕ

ПОЛОЖЕНИЕ

26 наурыз 2025 ж.

күні

Алматы қ.

№ П-12-25

Алматы

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық
консерваториясы» РММ

Бекітемін Г. Тасбергенова
2025 жылғы «26» наурыз 2025 ж.



СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУ ТУРАЛЫ

Дайындады:			
Ғылым және инновация бөлімінің басшысы		С. Шакирова	26.03.25
Келісілді:			
Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректордың м.а.		А. Нусупова	26.03.25
Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесі басшысы		А. Сарымсакова	26.03.25
Заң секторының басшысы		Д. Мамедова	26.03.25
Лауазымы	Қолы	Аты-жөні	Күні

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ БАЙҚАУЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ	3
3. СТУДЕНТТЕРДІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СҒЗЖ БАЙҚАУЫ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ ТӘРТІБІ	5
ҚОСЫМША 1	5
ҚОСЫМША 2	7
ҚОСЫМША 3	8
ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ	9
ТАНЫСУ ПАРАҒЫ	10

Ереже	Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша республикалық байқау туралы
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	10 беттің 2-ші беті

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.«Вокалдық өнер», «Дирижерлеу», «Музыкалық білім беру», «Аспаптық орындаушылық», «Музыкатану», «Композиция», «Дәстүрлі музыка өнері», мамандықтары бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының республикалық байқауы (бұдан әрі – СҒЗЖ байқауы) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің шешімімен жыл сайын Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы базалық жоғары оқу орны ретінде (бұдан әрі – Құрманғазы ҚҰК) ұйымдастырылады.

2.СҒЗЖ байқауының негізгі мақсаттары мен міндеттері мыналар болып табылады:

- a. Студенттердің ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыру;
- b. Ең дарынды және қабілетті студенттерді қолдау;
- c. Қазақстан Республикасының зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға ықпал ету.

3.Республикалық СҒЗЖ байқауы 3 кезеңде өткізіледі:

- a. бірінші кезең – ЖОО ішілік;
- b. екінші кезең – жоғарыда аталған мамандықтар бойынша Құрманғазы атындағы ҚҰК базасында;
- c. үшінші (қорытынды) кезең – республикалық.

4.I кезеңнің (ЖОО ішілік) өткізу мерзімі – қазан айынан 1 қаңтарға дейін, ҚҰК базасындағы II кезең – қаңтар айынан 30 сәуірге дейін, III кезең (республикалық) – сәуірден маусымға дейін.

5. СҒЗЖ байқауына аталған мамандықтар бойынша басым бағыттар мен өзекті мәселелерге арналған студенттердің өз бетінше орындалған, аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыстары ұсынылады.

6. СҒЗЖ байқауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі республикалық комиссия байқауға жетекшілік етеді.

2. СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ БАЙҚАУЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

7.СҒЗЖ байқауының I кезеңіне «Өнер» бағыты бойынша жоғары оқу орындарының студенттері, сондай-ақ ғылыми жетекшінің ұсынысы бойынша студенттері қатыса алады.

8. Әрбір жоғары оқу орнының ректоры (проректоры) байқаудың тиісті бөлімдері бойынша конкурстық комиссияларды құрып, олардың құрамына жетекші ғылыми ұйымдардың және басқа жоғары оқу орындарының өкілдерін енгізеді.

9. СҒЗЖ байқауының I кезеңінің (ЖОО ішілік) қорытындысы бойынша әрбір ЖОО-ның ректоры бекіткен конкурстық комиссиясы байқау негізінде ең үздік ғылыми-зерттеу жұмыстарын тандап, оларды Құрманғазы атындағы ҚҰК-ға, базалық жоғары оқу орны ретінде, II кезеңге қатысу үшін жібереді. Жұмыстарды ұсыну мерзімі пошталық мөрмен белгіленеді.

Ереже	Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша республикалық байқау туралы
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	10 беттің 3-ші беті

10. Студенттердің «Өнер» бағыты бойынша ІІ кезеңге қатысу үшін ғылыми жұмыстарын ұсынған кезде, жоғары оқу орындары Құрманғазы атындағы ҚҰК-ға, базалық жоғары оқу орны ретінде, келесі құжаттарды жібереді:

- a. ғылыми жұмыс;
- b. ғылыми жұмыстың аннотациясы (Қосымша 1);
- c. ғылыми жетекшінің жұмыс орындалу дәрежесіне қатысты пікіріне (еркін формада);
- d. автор (авторлар) және ғылыми жетекші туралы мәліметтер (Қосымша 2);
- e. бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша жұмыс байқауға ұсынылды деген ректордың (проректордың) қолы қойылған хат, ол хат хаттама түрінде рәсімделеді (Қосымша 3).

11. СҒЗЖ байқауына студенттердің ғылыми жұмыстардың алғашқы даналары ұсынылады, олар бір жарым интервалмен басылады. Жұмыстың көлемі 20-40 беттен аспауы тиіс. Егер оларда ғылыми жаңалық болса немесе нәтижелерін оқу процесіне енгізу жоспарланса, дипломдық, курстық жұмыстар және жобалар байқауға ұсыныла алады.

12. Жеке мөрленген қаптамада автор (авторлар) және ғылыми жетекші (жетекшілер) туралы мәліметтер, сондай-ақ бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша ректордың (проректордың) қолы қойылған хат немесе жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесінің байқауға жұмыс ұсыну туралы шешімі ұсынылады.

13. Егер жұмыстар ІІ кезеңге Ұсыныстарды бұза отырып немесе мәтіннің түпнұсқалығын тексеру нәтижесі 65%-дан төмен болған жағдайда ұсынылса, Құрманғазы атындағы ҚҰК Комиссиясы бұл жұмыстарды байқауға қатысудан бас тартуға құқылы (бас тарту себептері міндетті түрде көрсетіледі). Жұмыстарды плагиатқа тексеруді Құрманғазы атындағы ҚҰК Ғылым және инновациялар бөлімі «Антиплагиат. Вуз» лицензиялық бағдарламасы арқылы жүргізеді.

14. Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның байқау комиссиясы «Өнер» бағыты бойынша ашық дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен шешім қабылдайды, егер бұл отырысқа комиссия құрамының кемінде 2/3 бөлігі қатысса, дауыс тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

15. Ең үздік ғылыми жұмыстарды студенттердің ІІІ кезеңге қатысу үшін ұсыну кезінде Құрманғазы атындағы ҚҰК Комиссиясы 25 сәуірге дейін байқаудың тиісті бөлімдері бойынша Республикалық комиссияға барлық комиссия мүшелерінің қолы қойылған байқау Комиссиясының отырыс хаттамасын (Қосымша 4) жібереді.

16. Хаттамамен бірге Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның байқау комиссиясы «Өнер» бағыты бойынша Республикалық комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

- a. Байқау қорытындысы бойынша толтырылған деректер базасы бар дискета;
- b. Ғылыми бөлім бойынша байқау жұмыстарының мазмұны мен тақырыбына қатысты қысқаша аналитикалық материал;
- c. Байқау комиссиясының хаттамасы.

17. СҒЗЖ байқауы бойынша көрсетілген мамандықтар аясында Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның базалық ЖОО ретіндегі байқау комиссиясы жүлдегерлерді келесі тәртіппен марапаттауға ұсынуға құқылы:

Ереже	Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша республикалық байқау туралы	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		10 беттің 4-ші беті

- a. 1-орын үшін – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің I дәрежелі дипломымен (бір жұмыстан артық емес);
 - b. 2-орын үшін – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің II дәрежелі дипломымен (екі жұмыстан артық емес);
 - c. 3-орын үшін – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің III дәрежелі дипломымен (үш жұмыстан артық емес).
18. СҒЗЖ байқауының III кезеңі жеңімпаздарын анықтау жөніндегі республикалық комиссияның шешімі барлық комиссия мүшелері қол қоятын тиісті хаттамамен рәсімделеді.
19. Республикалық комиссияның хаттамалық шешесіне сәйкес студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша республикалық байқаудың қорытындылары Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің бұйрығымен бекітіледі.
20. Байқауға ұсынылған студенттердің ғылыми жұмыстары кері қайтарылмайды.

3. СТУДЕНТТЕРДІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СҒЗЖ БАЙҚАУЫ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ ТӘРТІБІ

21. Студенттердің үздік ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша республикалық байқаудың 1, 2, 3 орын иегерлері Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің бұйрығына сәйкес I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

22. Жоғары оқу орнының басшылығы байқаудың бірінші, екінші және үшінші кезеңдерінің жеңімпаздарын өз қаражаты есебінен көтермелеу жөнінде шаралар қабылдай алады.

23. СҒЗЖ байқауының әрбір бөлімі бойынша республикалық байқау комиссиясы жүлдегерлерді келесі тәртіппен марапаттауға ұсынуға құқылы:

- a. 1-орын үшін – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің I дәрежелі дипломымен (бір жұмыстан артық емес);
- b. 2-орын үшін – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің II дәрежелі дипломымен (екі жұмыстан артық емес);
- c. 3-орын үшін – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің III дәрежелі дипломымен (үш жұмыстан артық емес).

24. Магистратураға қабылдау кезінде СҒЗЖ байқауының дипломдарымен марапатталған студент-лауреаттардың жетістіктері қабылдау комиссиялары тарапынан ескеріледі.

Ереже	Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша республикалық байқау туралы
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	10 беттің 5-ші беті

Қосымша 1

Ғылыми жұмыстың аннотациясы

1. Атауы "-----"
2. Ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекеттік айдары
3. ЖОО "-----"
4. Жұмыс аяқталған жыл
5. Жұмыс көлемі: 20 С.
6. Қосымшалар саны: 10 С.
7. Иллюстрациялар саны: 5 С.
8. Кестелер саны: _____ С.
9. Әдебиет көздерінің саны: 10

Жұмыс сипаттамасы:

1. Ғылыми жұмыстың мақсаты

2. Жүргізілген зерттеу әдістері

3. Ғылыми зерттеудің негізгі нәтижелері (ғылыми, практикалық)

4. Ғылыми нәтижелерді пайдалану туралы құжаттардың болуы (иә / жоқ)

Автордың қолы

Ереже	Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша республикалық байқау туралы
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	10 беттің 6-ші беті

**СҒЗЖ БАЙҚАУЫНА ҰСЫНЫЛҒАН ЖҰМЫСТЫҢ
АВТОРЫ МЕН ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІСІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР**

АВТОР:

1. Тегі -
2. Аты -
3. Әкесінің аты -
4. Курс -
5. Үй мекенжайы:
6. Ұялы телефон (міндетті түрде):
7. E-mail (міндетті түрде):

Ғылыми жетекші:

1. Тегі -
2. Аты -
3. Әкесінің аты -
8. Телефон (міндетті):
9. E-mail (міндетті):

Лауазымы, Ғылыми дәрежесі :

Ғылыми жұмыс жөніндегі Проректор

(қолы)

Ғылыми жетекші

(қолы)

Жұмыс авторы

(қолы)

Ереже	Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша республикалық байқау туралы	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		10 беттің 7-ші беті

ХАТТАМА

СҒЗЖ конкурстық комиссиясының

_____ кафедра бөлім

бойынша _____

СҒЗЖ бөлімі бойынша конкурстық комиссиясы _____
 ЖОО ректорының бұйрығымен бекітілген _____ жыл
 № _____ саны бойынша _____ адам.
 Комиссия отырысына _____ адам қатысты.

_____ жылғы СҒЗЖ конкурсына, Өнер бөлімі бойынша _____
 келіп түскен _____ жұмыс (_____ студенттер, _____ ғылым
 жетекшілері)

Студенттердің ғылыми жұмыстарын қарап, кафедра-ның конкурстық комиссиясы
 марапаттауға ұсынуға шешім қабылдады:

1. I дәрежелі Министрлік дипломдарымен _____ жұмыс
2. II дәрежелі Министрлік дипломдарымен _____ жұмыс
3. III дәрежелі Министрлік дипломдарымен _____ жұмыс

Бұдан әрі автор (авторлар), жоғары оқу орны, ғылыми жетекші көрсетілген
 жұмыстардың тізбесі келтіріледі.

Конкурстық комиссияның төрағасы _____
 Конкурстық комиссияның хатшысы _____
 Комиссия мүшелері _____

Ереже	Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша республикалық байқау туралы
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	10 беттің 8-ші беті

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]

Ереже	Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша республикалық байқау туралы	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		10 беттің 9-ші беті

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]

Ереже	Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша республикалық байқау туралы	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		10 беттің 10-ші беті